

КЕЛІСІМШАРТ – АШЫҚ ОФЕРТА

1. Нормативтік ережелер.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі - ҚР АҚ). Шығарып алу.

395-бап. Оферта

1. Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған жақтың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, оферта деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі ережелері немесе оларды анықтау тәртібі көрсетілсе, ол жеткілікті дәрежеде айқын деп табылады.

2. Оферта оны жіберген жақ ол алушының қолына тигеннен бастап байланысты етіп қояды. Егер офертаны қайтарып алу туралы хабар офертаның өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, оферта алынбаған болып есептеледі.

3. Егер офертаның өзінде өзгеше айтылмаса не ұсыныстың мәнінен немесе ол жасалған жағдайдан туындамаса, алушының қолына тиген офертаны оның акцепті үшін белгіленген мерзім ішінде қайтарып алуға болмайды.

4. Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге де ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасасуға шақыру ретінде қаралады.

5. Ұсыныс жасаушы жақтың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасасу еркі көрінетін, шарттың барлық елеулі ережелері бар ұсыныс оферта (жария оферта) деп танылады.

396-бап. Акцепт

1. Оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы акцепт деп танылады. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс.

2. Егер заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса, жауап қайтармау акцепт болып табылмайды.

3. Офертаны алған жақтың оның акцепті үшін белгіленген мерзімде онда көрсетілген шарт ережелерін орындау жөнінде жасаған әрекеттері (тауарлар тиіп жөнелту, қызмет көрсету, жұмыс орындау, тиісті соманы төлеу және т.б.), егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе офертада көрсетілмесе, акцепт деп есептеледі.

4. Егер акцепті қайтарып алу туралы хабар оферта жіберген жаққа акцептің өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, акцепт алынбаған болып есептеледі.

2. Жалпы ережелер

2.1. Осы құжат ТОО «RWS M» атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Мулуков Ельшат Мажитовичтің тұлғасындағы жария оферта шарты болып табылады және бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталады. Бұл құжат жеке тұлғаларға арналып, осы шарттың мәні болып табылатын қызметтерді көрсетуге қатысты барлық маңызды талаптарды қамтиды.

2.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабы 5-тармағына сәйкес, төменде келтірілген талаптарды қабылдап, Ұйымдастырушының қызметтеріне ақы төлеген жағдайда, осы Офертаны акцепттеген кәмелет жасына толған жеке тұлға Қатысушы болып табылады (ҚР АҚ 396-бабы 3-тармағына сәйкес, Офертаны акцепттеу — Офертада баяндалған талаптар бойынша шарт жасасуға теңестіріледі), ал Ұйымдастырушы мен Қатысушы бірлесіп осы жария оферта шартының Тараптары болып табылады.

2.3. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы шарттың мәтінін мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Егер Сіз осы шарттың кез келген тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге

көрсетілетін қызметтерден бас тартуды ұсынады.

2.4. Осы шартты жасасу арқылы Қатысушы осы шартқа енгізілген барлық ережелермен танысқанын, оларды түсінгенін және оларға шартсыз және толықтай келісетінін растайды.

2.5. Осы құжатта көрсетілген ақпараттың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және нақты жағдайларға сәйкестігіне жауапкершілік Ұйымдастырушыға жүктеледі.

3. Шарттың тақырыбы.

3.1. Осы шарттың тақырыбы болып «Экибастұз Halfmarathon RWS Run» жарысына қатысқысы келетін адамға, Ұйымдастырушы ұйымдастырған 2025 жылдың «7»-«8» маусымында өтетін (ары қарай – «Жарыс») Жарысты ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтерді ұсыну табылады. Бұл қызметтер осы шартта, Жарысты өткізу ережесінде белгіленген тәртіпте және шарттарда ұсынылады, оның ішінде Қатысушы ретінде тіркелу қызметі, бірақ тек осы қызметпен шектелмейді.

3.2. Жарысқа тіркелу барысында Қатысушы Ұйымдастырушының вебсайтына тіркелген жеке кабинет арқылы: <https://www.rwsrun.kz/> (ары қарай – «Жеке кабинет»), қосымша тауарлар мен қызметтерді (қосымша опциялар) сатып алу құқығына ие болады.

3.3. Жарыстың сипаттамасы, Жарыстың ерекшеліктері, өткізілу мерзімі, Жарыс туралы негізгі ережелер, Жарысқа қатысу ережелері Жарысты өткізу ережесінде көрсетілген, ол Ұйымдастырушының вебсайтында <https://www.rwsrun.kz/> жарияланған, және Қатысушы тіркелу барысында осы ережелермен танысуы тиіс.

3.4. Жарысқа онлайн-тіркелу ережелері, Қатысушының Жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылатын:

3.4.1. Қатысушының Жарысқа тіркелуі толық тіркеу жарнасының төленгені жағдайда сәтті аяқталды деп саналады (ары қарай – «Қатысу жарнасы немесе Старттық жарна»). Төлем жасалмаған жағдайда, тіркеу автоматты түрде 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жойылады.

3.4.2. Қатысушының басқа іс-шараға қайта тіркелуі, яғни Жарысқа қатысу үшін төленген Қатысу жарнасының басқа іс-шараға қатысу үшін Қатысу жарнасы ретінде есептелуі рұқсат етілмейді.

3.5. Осы шарттың шарттарын қабылдай отырып, Қатысушы Жарыс кезінде ешқашан және ешқандай жағдайда басқа Жарыс қатысушыларына, Ұйымдастырушыға (оның қызметкерлеріне) және Жарыс спонсорларына, бөгде адамдарға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіретін жағдайларды қасақана жасауды жоспарламайтынын растайды.

3.6. Қатысушы өз денсаулығын дербес бақылап, ұзақ мерзімді физикалық жүктемелерге қарсы көрсетілімдердің бар-жоғын тексеру үшін медициналық тексеруден өтуі тиіс. Қатысушы денсаулығын үнемі тексеріп, Жарысқа қатысуға физикалық тұрғыдан жарамды екенін және оған қарсы ешқандай медициналық көрсетілімдердің жоқ екенін растайды.

Осы шарттың шарттарын қабылдай отырып, Қатысушы:

- **Жарыс өтетін күнге дейін немесе Жарыс өтетін күні денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда Жарысқа қатыспауға міндеттенеді,**

- Жарыстың күрделілігін түсініп, Жарыстың жарияланған қашықтығын өту үшін жеткілікті техникалық білім мен тәжірибеге ие екенін және Жарысқа қатысу үшін физикалық әрі психологиялық тұрғыдан дайын екенін растайды.

- Қатысушы Жарысқа қатысу нәтижесінде денсаулығына зиян келуі мүмкін екендігін

түсінеді, және өзінің қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапкершілікті толықтай өзі көтереді.

- Қатысушы Ұйымдастырушының Жарыс кезінде Қатысушының қайтыс болуы немесе жарақат алу, Қатысушының мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы, сондай-ақ кез келген физикалық зиян үшін жауапкершілік көтермейтінін растайды. Қатысушы Ұйымдастырушы мен Жарыстың спонсорларына материалдық және өзге талаптардан ерікті түрде бас тартады. Бұл бас тарту талаптары Қатысушының мұрагерлеріне және қамқоршыларына да қатысты болып, Жарыстың өтетін уақытынан бұрын, барысында және соңында әрекет етеді.

- Қатысушы қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетуге қарсы болмайтынын растайды.

4. Фото- және бейнемазмұнды түсіру. Жеке деректер.

4.1. Ұйымдастырушы Жарыс барысында фото- және бейнемазмұнды түсіруді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына және Азаматтық кодекстің 15-бабының 8-тармағына сәйкес, «Смелость быть первым» Қоғамдық қорының, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін насихаттау мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға өз келісімін береді:

- Ұйымдастырушыға және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесі үшін әрекет ететін үшінші тұлғаларға Қатысушының Жарысқа қатысу процесін түсіру (фотосурет және/немесе бейнемазмұн) құқығын береді;

- Ұйымдастырушыға Қатысушының атын пайдалану, Қатысушының бейнесін жариялау, көбейту және тарату, сондай-ақ Жарыс барысында алынған басқа да аудио-, бейне-, фото материалдарды Қатысушының бейнесі бар кез келген тәсілмен және құралдармен, мерзімдер мен аймақтар бойынша шектеусіз пайдалану құқығын береді, оның ішінде аталған материалдарды өңдеуге және оларды үшінші тұлғаларға беру құқығы бар.

Қатысушы осы келісімді ақысыз негізде және шектеусіз мерзімге береді және болашақта Ұйымдастырушыдан қандай да бір түрде өтемақы талап етуге құқығы жоқ.

4.2. Осы шарттың талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы Ұйымдастырушының Жарысты жариялау мақсатында кәсіби фотографтар мен видеооператорларды тартуы мүмкін екендігін түсінеді. Бұл мамандар фото және/немесе бейнемазмұнды түсіріп, олар Жарысқа қатысушыларды және Жарыс процесін түсіреді, осылайша өздерінің фото/бейнемазмұн жинақтарын құрады. Қатысушы Жарыс барысында алынған фото және/немесе бейнемазмұндарды, онда оның бейнесі бар материалдарды, аталған фото/бейнемазмұн жинақтарын пайдалану үшін өзінің келісімін береді. Қатысушы, егер қаласа, осы фото/бейнемазмұн материалдарын фото/бейнемазмұн жинақтарын иелерінен жеке өзі сатып алу мүмкіндігіне ие, және осы үшін Ұйымдастырушыны тартудың қажеті жоқ. Фото/бейнемазмұн материалдарын орналастыру жөніндегі барлық мәселелер бойынша Қатысушы тиісті ресурстардың иелеріне тікелей жүгінуі тиіс. Ұйымдастырушы фото/бейнемазмұн жинақтарының иелерінің іс-әрекеттеріне жауапкершілік көтермейді.

4.3. Қатысушы өзі туралы толық әрі шынайы деректерді ұсынуға өзі жауапты.

4.4. Қатысушы Ұйымдастырушыдан немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген тұлғадан Жарыс туралы, сондай-ақ Қатысушыға қатысты және Жарыспен байланысты өзге де ақпаратты қамтитын қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS) және/немесе электрондық хаттар (e-mail) алуға қарсы еместігін білдіреді.

4.5. 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 7 және 8-баптарын орындау мақсатында, Қатысушы Жарысқа қатысу үшін тіркеу формасын толтыра отырып және осы шартқа қосыла отырып, өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді. Бұл ретте Ұйымдастырушы Қатысушының Жеке кабинеті орналасқан <https://www.rwsrun.kz/> интернет-платформасының операторы болып

табылады.

Дербес деректерді өңдеу деп Қатысушының дербес деректерін жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер түсініледі.

Қатысушының дербес деректерін өңдеу тек Жарысқа қатысу үшін Қатысушыны тіркеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қатысушыға Жарыс туралы және онымен байланысты өзге де ақпаратты қамтитын қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS) немесе электрондық хаттар (e-mail) жолдау мақсатында жүзеге асырылады.

Дербес деректерді өңдеуге келісім берген күн — Қатысушының Жеке кабинеті арқылы тіркеу формасын Ұйымдастырушыға жіберген күні болып есептеледі. Бұл келісім Қатысушының дербес деректерін берген сәтінен бастап 5 (бес) жыл мерзімге жарамды.

Осы шарттың талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы тіркеу кезінде Жеке кабинетте көрсетілген ақпаратты растайтын құжаттарды (Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі / Жарысқа қатысуға арналған Қолхаттың түпнұсқасы) Ұйымдастырушының ұйымдастыру комитетінің сұрауы бойынша ұсынуға келісімін растайды.

Қатысушы дербес деректерді өңдеуге берген келісімін gwsrun@gmail.com электрондық поштасына дербес деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алу туралы еркін түрде жазылған жазбаша өтініш жолдау арқылы кері қайтарып ала алады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Осы шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы шарттың ережелеріне сәйкес жауапты болады.

5.2. Ұйымдастырушы (оның қызметкерлері) және/немесе оның тартқан үшінші тұлғалары Жарыс өткізу кезінде Қатысушының өмірі мен денсаулығына келтірілген кез келген залал, зиян, шығындар үшін, егер бұл Жарысты өткізу туралы Ережеде белгіленген талаптар мен қауіпсіздік техникасының сақталмауы немесе Қатысушының жарысқа қатысуға қарсы көрсетілімдері туралы ақпаратты Ұйымдастырушыға ұсынбауы салдарынан туындаған болса, жауапты болмайды.

5.3. Ұйымдастырушы (оның қызметкерлері) және/немесе оның тартқан үшінші тұлғалары Жарыс маршруты бойында Қатысушының жеке мүлкінің жоғалуына жауапты болмайды.

5.4. Ұйымдастырушы осы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, соның ішінде Жарыстың өткізілмей қалуы, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесінде туындаса, жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажорлық жағдайлар ретінде Тараптар мыналарды таниды: табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл); секундына 15 метрден асатын (қоса алғанда) желдің екпіні; ҚР ІІМ ТЖК төтенше жағдай деп таныған және оның туындауы туралы ескерткен кез келген өзге де жағдайлар, оқиғалар, құбылыстар; өрт; жаппай сырқаттану (эпидемия); мемлекеттік билік органдары енгізген шектеу шаралары, оның ішінде карантин; ереуілдер; соғыс әрекеттері, қақтығыстар және төңкерістер; азаматтық толқулар; лаңкестік актілер; диверсиялар; көлік шектеулері; мемлекеттердің тыйым салу шаралары; халықаралық санкциялар негізінде жекелеген елдермен сауда операцияларына тыйым салу; мемлекеттік немесе жергілікті басқару органдарының актілері, әрекеттері немесе әрекетсіздігі; сондай-ақ осы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін емес ететін, Тараптардың еркінен тыс туындайтын және олардың алдын алу немесе болжау мүмкін болмаған кез келген басқа да жағдайлар.

5.5. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындаған немесе олардың туындау қаупі болған жағдайда Жарыстың өткізілмейтіні туралы барлық ақпарат Ұйымдастырушының шешімімен оның ресми сайтында жарияланады және/немесе Қатысушыға тіркеу кезінде көрсеткен ұялы

телефон нөміріне SMS-хабарлама немесе электрондық пошта арқылы хабарланады.

5.6. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде осы шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін кезеңге ұзартылады.

5.7. Жоғарыда аталған жағдайлардың бар екенін растайтын құжат болып Қазақстан Республикасының уәкілетті құзыретті органының және/немесе ұйымының берген тиісті құжаттары танылады.

5.8. Осы шарттың 5.4-тармағында көрсетілген форс-мажорлық жағдайлар 5 (бес) айдан астам уақытқа созылып, Жарыстың жаңа өткізілу күні Ұйымдастырушы тарапынан сол немесе басқа жағдайдың жалғасуына байланысты белгілене алмаған жағдайда, 6 (алты) ай өткен соң Қатысушының жазбаша өтініші негізінде Ұйымдастырушы бұрын төленген қатысу жарнасының 50 % (елу пайызын) Қатысушыға қайтарады. Бұл ретте Қатысушыға аталған жағдайлардан туындаған басқа да шығындар өтелмейді.

5.9. 5.8-тармаққа сәйкес Ұйымдастырушы Қатысушыға ақшалай қаражатты қайтарғаннан кейін, осы шарт өз күшін тоқтатады.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Осы шартқа қолданылатын құқық — Қазақстан Республикасының құқығы. Осы шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.2. Осы шарт шеңберінде туындайтын барлық келіспеушіліктер мен даулар Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Ұйымдастырушы орналасқан жер бойынша қаралады.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және басқа да талаптары

7.1. Осы Шарт Қатысушы оны осы Шарттың 2.2-тармағында белгіленген тәртіппен акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе Шарт бұзылғанға дейін қолданылады.

7.2. Осы Шарт ашық және жалпыға қолжетімді құжат болып табылады және оған өзгерістер енгізілген жағдайда, Ұйымдастырушының (<https://www.rwsrun.kz/>) ресми сайтында жаңартылған нұсқасын жариялау арқылы өзгертілуі мүмкін. Қатысушы енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, Шартты бұзу туралы ұсыныспен Ұйымдастырушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) жүгінуі тиіс. Мұндай өтініш болмаған жағдайда, өзгерістер Қатысушы тарапынан қабылданды деп есептеледі.

7.3. Осы Шарт Тараптардың өзара келісімімен, сондай-ақ осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

7.4. Егер осы Шарттың қандай да бір ережесі Қазақстан Республикасының уәкілетті сотымен жарамсыз немесе қолданылмайтын деп танылса, мұндай ереже жарамсыз деп есептеледі және осы Шарттың құрамына кірмейді, бірақ бұл осы Шарттың қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді.

8. Ұйымдастырушының деректемелері

Ұйымдастырушы:

«RWS M» ЖШС

Заңды және нақты мекенжайы: 141200, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы,
Екібастұз қ., Д.А. Қонаев даңғылы, 201В ғимараты

Телефон: +7 777 591 11 57

Электрондық пошта: rwsrun@gmail.com

БСН 210240027140

ЖСК KZ596018871000134441

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

КБе: 17

БИК: HSBKKZKX